

**МИКРОНЕСИЕ АЛУҒА ҚАТЫСТЫ ҚАРЫЗ АЛУШЫНЫҢ (ӨТІНІШ БЕРУШІНІҢ)
ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ,
СОНДАЙ-АҚ МИКРОНЕСИЕ БЕРУ ТУРАЛЫ ШАРТ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР
ОРЫНДАЛМАҒАН ЖАҒДАЙДА
КЛИЕНТТІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖӘНЕ ЫҚТИМАЛ ТӘУЕКЕЛДЕРІ ТУРАЛЫ
АҚПАРАТ**

Өтініш берушінің құқықтары мен міндеттері:

1. микронесие беру ережелерімен, микроқаржылық ұйымның микронесие беру тарифтерімен танысуға;
2. микронесие алуға, оған қызмет көрсетуге және оны өтеуге (қайтаруға) байланысты төлемдер туралы толық әрі шынайы ақпарат алуға;
3. микронесие беру туралы шартты жасасудан бас тартуға.

Өтініш беруші микронесие беру туралы шартты жасасу және қарыз алушының міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ететін шарттарды жасасу үшін қажетті құжаттар тізбесіне және микронесие беру туралы шарт бойынша кредиттік досьені жүргізу тәртібіне сәйкес анықталған құжаттар мен мәліметтерді микроқаржылық ұйымға ұсынады.

Өтініш берушінің құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 26 қарашадағы № 56-V «Микроқаржылық қызмет туралы» Заңында және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және нормативтік құқықтық актілерінде көзделген.

Қарыз алушының құқықтары:

1. микронесие беру ережелерімен, микроқаржылық ұйымның микронесие беру тарифтерімен танысуға;
2. микронесие беру туралы шартта белгіленген тәртіппен және шарттармен алынған микронесие сомасын пайдалануға;
3. негізгі борышты және (немесе) сыйақыны өтеу күні демалыс немесе мереке күніне түскен жағдайда негізгі борышты және (немесе) сыйақыны келесі жұмыс күні төлеуге, бұл ретте айыппұл (өсімпұл, пеня) төлемеуге;
4. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен өз құқықтарын қорғауға;
5. микронесие беру туралы шарт бойынша берілген микронесиені толық немесе ішінара мерзімінен бұрын қайтаруға, бұл ретте айыппұл (өсімпұл, пеня) төлемеуге;
6. микроқаржы қызметін алу бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде:
 - **микроқаржылық ұйымға:** жеке немесе жазбаша түрде, микроқаржылық ұйымның орналасқан жері (пошталық мекенжайы): 050000 (A26F8G4), Алматы қ., Медеу ауданы, Н.Назарбаев даңғылы, 269А, электрондық пошта арқылы: ok@jetfin.kz, немесе микроқаржылық ұйымның интернет-сайтындағы өтініш нысаны арқылы: jetcar.kz; және/немесе
 - **микроқаржылық омбудсменге:** «Микроқаржылық омбудсмен кеңсесі» ЖЖ, жеке немесе жазбаша түрде мына мекенжай бойынша: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Мынбаева көшесі, 53 ғимарат, 3-қабат, 321-кеңсе, немесе телефондар арқылы: +7 (727) 3382244, +7 (727) 3382225, немесе электрондық пошта арқылы: info@mfbudsman.kz; және/немесе
 - **сотқа жүгінуге.**

7. 2012 жылғы 26 қарашадағы № 56-V «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және микронесие беру туралы шартта көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

Жеке тұлға-қарыз алушылар үшін қосымша құқықтар:

8) микронесие беру туралы шарт бойынша міндеттемені орындау мерзімін кешіктірген күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде микроқаржылық ұйымға келуге және (немесе) жазбаша түрде, сондай-ақ ақпараттандыру объектілері арқылы немесе шартта көзделген тәсілмен өтініш беруге, ол өтініште кешіктірудің себептері, кірістер және шарт талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтінішті негіздейтін расталған мән-жайлар көрсетілуге тиіс (мысалы: сыйақы мөлшерлемесін төмендету, ай сайынғы төлемді 50%-дан артық төмендету, төлемді кейінге қалдыру, өтеу әдісін өзгерту, мерзімін ұзарту, борышты кешіру және т.б.).

9. МҚҰ шарт талаптарын өзгерту туралы өтінішті қанағаттандырудан бас тарту туралы шешімін алған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде немесе келісімге қол жеткізілмеген жағдайда 30 күнтізбелік күн ішінде микроқаржылық омбудсменге жүгінуге және бұл туралы микроқаржылық ұйымды хабардар етуге;
10. МҚҰ осы қарыз алушымен жасалған шарт бойынша құқықты (талапты) басқа тұлғаға берген жағдайда, құқықтар берілген тұлғамен дауларды реттеу үшін микроқаржылық омбудсменге жүгінуге.

Қарыз алушының міндеттері:

1. алынған микронесие сомасын және оған сыйақыны шартта көзделген мерзімдерде және тәртіппен қайтаруға.
Егер Қарыз алушы төлеген сома жеткіліксіз болса, ол мынадай кезектілікпен өтеледі:
2. негізгі борыш бойынша берешек;
3. сыйақы бойынша берешек;
4. айыппұл (өсімпұл, пеня);
5. ағымдағы кезеңнің негізгі борышы;
6. ағымдағы кезеңнің сыйақысы;
7. микроқаржылық ұйымның шығындары.
8. Қазақстан Республикасының «Микроқаржылық қызмет туралы» Заңы және Мого Kazakhstan микронесие беру ережелері талап ететін құжаттар мен мәліметтерді ұсынуға;
9. Қазақстан Республикасының заңнамасында және жасалған шарттарда көзделген өзге де талаптарды орындауға.

Жауапкершілік және ықтимал тәуекелдер:

Қарыз алушы микронесие сомасын және/немесе сыйақыны қайтару мерзімін 40 күнтізбелік күннен астам кешіктірген жағдайда, МҚҰ микронесие сомасын және сыйақыны мерзімінен бұрын қайтаруды талап етуге құқылы.

Қарыз алушы төлемдерді енгізу талабын орындамаған немесе берешекті реттеу құқығын пайдаланбаған жағдайда, МҚҰ:

- қарызды сот тәртібімен немесе сотқа дейінгі тәртіппен өндіріп алу туралы талап қоюға және кепіл мүлкіне өндіріп алуды қолдануға;
- берешекті коллекторлық агенттікке беруге;

- нотариустың атқарушылық жазбасы негізінде берешекті өндіріп алуға құқылы.

МҚҰ Қарыз алушыдан айыппұл (өсімпұл) талап етуге құқылы:

- 90 күнге дейін – әр кешіктірілген күн үшін 0,5% мөлшерінде;
- 90 күннен кейін – әр кешіктірілген күн үшін 0,03% мөлшерінде;
бірақ әрбір күнтізбелік жыл үшін микронесие сомасының 10%-нан аспауы тиіс.

Құжатқа қол қою арқылы мен жоғарыда көрсетілген ақпаратпен толық танысқанымды, оның мәнін түсінгенімді және барлық көрсетілген шарттармен келісетінімді растаймын.

Қарыз алушы: _____